

## БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

## «Психология - болашақтың мамандығы»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.02.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/132087/>

## «Психология — болашақтың мамандығы»

## XXI ғасыр-психология ғасыры.

## А.Энштейн

Мамандық таңдау-әр адамның өміріндегі ең маңызды шешім. Осыдан бірнеше жыл бұрын менің алдымда мыңдағын мамандықтан өзіме лайықтысын таңдау міндеті тұрды. Дегенмен таңдау жасауға Жүсіпбек атамның «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл-жәй күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін өзіме бағыт сілтер қылып алдым. Сөйттім де «Психология» деп аталатын, адам жанын түсініп, демеу беру үшін, бағдар беру үшін осы мамандықты таңдадым. Менің өмірдегі басты мақсатым – балалар өмірге еш қорқынышсыз, зұлымдықсыз қарап, олар алдарында бір ғажап жұмбақтың шешімін табатындарына және де алда ашық, жарқын күндер күтетініне сенсе екен деймін. Өйткені әр адамның жан дүниесіне үңілу және адамдар арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына үлес қосу мен үшін өмірдегі зор жетістік бірі.

Аз ғана уақыт болса да осы салаға аяқ басып көрдім. Санаулы ғана жасаған қадамымда көзім жеткені-жеке тұлғаның өмірге құштарлығының артуы, болашағына сеніммен қарап, келешекке нық қадам жасауы, өзіндік «Мені» бар, көзі ашық, көкірегі ояу, білімді де, білікті боп қалыптасуының негізгі іргетасы мектептен қаланады екен. Сол мектепте мың түрлі мінезден қорықпай, оларды зерттеп біліп, талмай еңбектеніп, жан-жақты ізденіп, өзін-өзі жетілдіріп жүретін ерекше мамандық иелері — психологтар. Олар әр адамның сүйіспеншілігін таза жүрегімен, мінсіз ақылымен, адал еңбегімен жаулап алып, жақсы өмір сүруіне, өмірге позитивті қарауына барынша ат салысып келеді.

Мұғалім, ата-ана, оқушылар қай-қайсысына да қандай да бір қиындық туындаса мектеп психологының көмегі қажет емес пе? Мәселен, мектеп психологы оқушылардың өз мәселелерінде «іштен тынбауға» үйретеді, ұстаздарға кеңес береді, ал ата-аналарға өсіп келе жатқан ұрпаққа тәрбие беру барысында қолдау көрсетеді. Мен өз тарапымнан

аталмыш жағдайда психологтың этикалық кодексiнiң «ешкiмге зиян тигiзбеу!» деген қағидасы бойынша шешуге тырысамын.

Осы жүрiп өткен жолымда түйсiнгенiм — нағыз психолог болу үшiн өзгенiң өмiрiне өзiңнiң өмiрiң ретiнде қарап, олардың жан дүниесiне кiре бiлу екен.

Сезiнгенiм — «Жан сырын өзi ашсын» деп үстелдiң екiншi жағында қатып қалған адам психолог бола алмайды екен.

Аңғарғаным — әрбiр жеке тұлға сенiң оқымаған кiтабың екен, әр парағын ашқан сайын жаңалық табасын, таңырқайсың, тамсанасың, қызығасың, қынжыласың.

Осындай зор жауапкершiлiгi бар психологиялық қызмет-адам жанына нәр беретiн, жеке тұлғаға кез келген ортада қарым-қатынасқа тез түсе алатын, замани талаптарға лайық әрекет жасауға бағыттайтын игiлiктi жұмыс.

Жақсы психолог — адам жаны мен сырына қанығуы арқылы олардың iшкi әлемiне үңiле алатын ерекше жаратылыс. Құдiреттi де мәртебелi , қасиеттi де киелi осы мамандықтың иесi – бүгiнгi Сiз және Мен, келешектегi бiздiң әрiптестерiмiз.

Бiздiң қолымызда бiзден көмек сұрайтын адамның тағдыры мен оның жан дүниесi тұр. Ол адамның болашағы да психолог қолында тұр десем қателеспейтiнiме сенiмiм кәмiл.

Менiң, сенiң таңдаған мамандығымыз — бiздiң мақтанышым! Өйткенi бiздiң мамандық- өскелең өре, адамдық келбет, рухани биiктiк мамандығы. Бiз әр жаны жаралы жандарға керекпiз.

Адам жанының бағбаны, шыдамдылық пен табандылықтың үлгiсi, асыл қасиеттерi мен бiлiмiн басқаның бақыты мен зор болашағы үшiн сарп еткен психология ол болашақтың мамандығы. Психология – ешқашан өлмейтiн, өшпейтiн, қайта күн санап мәртебесi арта беретiн мамандық. Өзiмнiң де осы мамандықты таңдағаным еш өкiнiшiм жоқ, себебi, әр таңды өңiлдi әуен, жағымды ойлармен қарсы алып, адам баласына тек жақсылық, iзгiлiк тiлеймiн. Бүгiнгi таңда психология мамандығы әлемдегi ең танымал мамандықтардың үздiк бестiгiне кiредi. Психология ғылымы адам iс-әрекетiнiң түрлi салаларында дамуда. Олар: бизнес, саясат, медицина, бiлiм салалары. Ғалымдардың болжауы бойынша, XXI ғасыр – психология ғасыры болмақ. Мемлекетiмiздiң «Мәңгiлiк ел» болу үшiн психологияның маңыздылығы зор.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.